

Моңғолияға ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 430 қаулысы

Моңғолиядағы болған төтенше жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Моңғолияға ресми ізгілік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2016 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің айырбастау күнгі ресми бағамы бойынша 200000 (екі жүз мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты мына арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз е т с і н :

Account name: MINISTRY OF FINANCE OF MONGOLIA
Account No: 340101868003
Beneficiary's Bank: State Bank of Mongolia, Ulaanbaatar, Mongolia
Swift code: STBMMNUBC
Correspondent bank: COMMERZBANK AG, FRANKFURT AM MAIN,
G E R M A N Y
Swift code: COBADEFF
Account No: 400878514900 USD

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*